

Хаттама №1

Бастауыш сынып әдістемелік бірлестігі отырысы

Өткізілген күні: 26.08.24 ж

Қатысқандар: ӘБ жетекшісі – Шарипова С.Б.

бастауыш сынып мұғалімдері – 5

Күн тәртібі:

1. 2023–2024 оқу жылындағы атқарылған жұмыстарға талдау жасау.
2. ӘБ мүшелерінің оқу жүктемесімен танысу, нақтылау.
3. ӘБ мүшелерінің сапалық құрамын, курстан өтетін және аттестациядан өтетін мұғалімдерді анықтау.
4. Бастауыш сынып кабинеттерін жаңа оқу жылына дайындау.
5. ӘБ-нің жаңа оқу жылына арналған жоспарын талқылап, толықтыру және бекіту.
6. Мектепшілік іс-шаралар мен ӘБ отырыстарының жоспарын қарастыру.

Тыңдалды:

1. ӘБ жетекшісі Шарипова С.Б 2023–2024 оқу жылында атқарылған жұмыстарға талдау жасап, жетістіктер мен кемшіліктерді атап өтті.
2. ӘБ мүшелерінің оқу жүктемесі нақтыланды.
3. Мұғалімдердің сапалық құрамы анықталып, біліктілікті арттыру курстарына жазылған және аттестациядан өтетін мұғалімдер белгіленді.
4. Сынып кабинеттерінің жаңа оқу жылына толық дайын екені

тексерілді.

5. Жаңа оқу жылына арналған әдістемелік бірлестік жоспары талқыланды.

6. Жыл бойына өткізілетін мектепшілік іс-шаралар мен ӘБ отырыстарының кестесі қарастырылды.

Қаулы қабылданды:

1. ӘБ мүшелерінің жүктемесі бекітілсін.
2. Аттестациядан өтетін және курстан өтетін мұғалімдер тізімі мектеп әкімшілігіне ұсынылсын.
3. Сынып кабинеттерін талапқа сай жабдықтап отыру міндеттелсін.
4. 2024–2025 оқу жылына арналған ӘБ жоспары бекітілсін.
5. Жоспарланған мектепшілік іс-шаралар уақытында өткізіліп отырсын.

ӘБ жетекшісі: Шарипова С.Б

Хатшы: _____

Хаттама №2

Бастауыш сынып әдістемелік бірлестігі отырысы

Өткізілген күні: 11.11.24 ж

Қатысқандар: 5

Күн тәртібі:

1. Оқушылардың жеке іс-қағаздарын тіркеу, реттеу.
2. «Шығармашылық топ» құру.
3. Мектеп пен отбасында күнделікті 20 минуттық кітап оқу жұмыстарын ұйымдастыру.
4. 2–4 сынып оқушыларының оқу жылдамдығын тексеру.
5. Бастауыш сынып апталығын өткізу.
6. Әдістемелік күн: «Мұғалім біліктілігі қайтсе жоғарылайды?» дөңгелек үстел өткізу.

Тыңдалды:

1. ӘБ жетекшісі Шарипова С Б оқушылардың жеке іс-қағаздарын дұрыс жүргізу, реттеу, толықтыру мәселелерін түсіндірді.
2. «Шығармашылық топ» құрылып, жетекшісі тағайындалды.
3. Мұғалімдер мектеп пен отбасындағы «20 минуттық кітап оқу» іс-шарасын жүйелі ұйымдастырудың маңыздылығын атап өтті.
4. 2–4 сынып оқушыларының оқу жылдамдығы тексерілетіні және оның нәтижелері талданатыны айтылды.
5. Желтоқсан айында бастауыш сынып апталығының өткізілу жоспары талқыланды.
6. «Мұғалім біліктілігі қайтсе жоғарылайды?» тақырыбында дөңгелек үстел өткізу туралы шешім қабылданды.

Қаулы қабылданды:

1. Оқушылардың жеке іс-қағаздары толық және жүйелі жүргізілсін.
2. «Шығармашылық топ» құрылып, әдістемелік жұмысқа белсене қатыстырылсын.
3. «20 минуттық кітап оқу» жобасы мектеп пен ата-аналар арасында тұрақты түрде жүзеге асырылсын.

4. 2—4 сынып оқушыларының оқу жылдамдығы уақытылы тексеріліп, қорытындысы ӨБ отырысында қарастырылсын.
5. Бастауыш сынып апталығы жоғары деңгейде ұйымдастырылсын.
6. Қаңтар айында дөңгелек үстел өткізіліп, мұғалімдердің кәсіби дамуына жағдай жасалсын.

ӨБ жетекшісі:

Хатшы:

Құрастыру:

1. «Құрметтілік деген не?» тақырыбында бағамдама.
2. I тоқсанның қорытындысы, білім саласы және бағдарламаның орындалуы, I тоқсан бақылау жұмыстарының нәтижелерімен салыстырып, қорытынды шығару.
3. Оқу сауаттылығы мен математикалық сауаттылық бойынша іс-тәжірибе бөлісу.

Тыңдалды:

1. Абрахимова Т.А. «Құрметтілік деген не?» тақырыбында бағамдама және құрметтілік ұғымы мен оның бастауыш сыныптың міндеті туралы түсіндірді.
2. ӨБ жетекшісі Шарипова С.Б. II тоқсан қорытындысы бойынша білім саласын талдап, I тоқсанмен салыстырды. Бағдарламаның орындалуы, бақылау жұмыстардың нәтижелерін қарастырды.
3. Мұғалімдер оқу және математикалық сауаттылықты арттыруға арналған іс-тәжірибемен бөлісті.

Хаттама №3

Бастауыш сынып әдістемелік бірлестігі отырысы

Өткізілген күні: 9.01.2025 жыл

Қатысқандар: ӘБ жетекшісі – Шарипова С.Б

бастауыш сынып мұғалімдері 4

Күн тәртібі:

1. «Құзыреттілік деген не?» тақырыбында баяндама.
2. II тоқсанның қорытындысы, білім сапасы және бағдарламаның орындалуы. I тоқсан бақылау жұмыстарының нәтижелерімен салыстырып, қорытынды шығару.
3. Оқу сауаттылығы мен математикалық сауаттылық бойынша іс-тәжірибе бөлісу.

Тыңдалды:

1. Абрахманова Т А «Құзыреттілік деген не?» тақырыбында баяндама жасап, құзыреттілік ұғымы мен оның бастауыш сыныптағы маңызы туралы түсіндірді.
2. ӘБ жетекшісі Шарипова С Б II тоқсан қорытындысы бойынша білім сапасын талдап, I тоқсанмен салыстырды. Бағдарламаның орындалуы, бақылау жұмыстардың нәтижелері қарастырылды.
3. Мұғалімдер оқу және математикалық сауаттылықты арттыруда қолданылып жүрген әдіс-тәсілдерімен бөлісті.

Қаулы қабылданды:

1. Мұғалімдердің құзыреттілікке бағытталған әдістемелік жұмысын жетілдіру.
2. II тоқсан қорытындысына талдау жасалып, білім сапасын көтеру бағытында жүйелі жұмыс жүргізу.
3. Оқу сауаттылығы мен математикалық сауаттылықты дамытуда тиімді әдіс-тәсілдерді тәжірибеге енгізу.

ӘБ жетекшісі: Шарипова С.Б.

Хатшы: [Signature]

Бастауыш сынып әдістемелік бірлестігі

Хаттама №4

Күні: 13.05.2025ж.

Қатысқандар: 5

Күн тәртібі:

1. III–тоқсанның қорытындысы, сапа бағдарламаның орындалуы. II тоқсанның бақылау жұмыстарымен салыстыру қорытындысын шығару.
2. Бастауыш сынып оқушыларының жазу каллиграфиясын тексеру нәтижесі.
3. Мектепалды даярлық тобы мен бастауыш сынып арасындағы сабақтастық.

Тыңдалды:

1. Жунусова Р.О III–тоқсан қорытындысы бойынша баяндама жасап, сапа бағдарламасының орындалуына талдау жасады. II тоқсан нәтижелерімен салыстырып, білім сапасында оң/теріс динамика бары айтылды.
2. Абдрахманова Т.А бастауыш сынып оқушыларының жазу каллиграфиясын тексеру нәтижесін таныстырды. Артықшылықтары мен жетілдіруді қажет ететін тұстар атап өтілді.
3. Шарипова С.Б мектепалды даярлық тобы мен бастауыш сынып арасындағы сабақтастық жайлы сөз қозғап, тәжірибе алмасу қажеттігін атап өтті.

Қаулы қабылданды:

4. Әр мұғалім тоқсандық бақылау нәтижелеріне талдау жасап, білім сапасын арттыруға бағытталған жұмыс жүргізсін.
5. Жазу каллиграфиясын дамытуға арналған қосымша тапсырмалар мен жаттығулар жүйелі қолданылсын.
6. Мектепалды даярлық және бастауыш мұғалімдері арасында әдістемелік байланыс күшейтілсін.

Бірлестік жетекшісі: Шарипова Р.Б.

Хатшы: 4/2

Хаттама №1

Өткізілген күні: 2024 ж. қыркүйек айы

Өткізілген орны: Амангелді ауылының ЖОББМ

Қатысқандар: 10

Күн тәртібі:


1. Жаратылыстану бірлестігінің 2024–2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен таныстыру.
2. Жаратылыстану пәндері бойынша дарынды оқушыларды анықтау.
3. Тоқсандық жиынтық бағалауды енгізу және өткізу.

Тыңдалды:

1. Ахметбекова А.С. – жаратылыстану бірлестігінің жетекшісі жұмыс жоспарымен таныстырып өтті.
2. Биология, география, физика, математика, химия – пән мұғалімдері дарынды оқушыларды анықтау жолдарын талқылады.
3. Касенов Е.Ж. – тоқсандық жиынтық бағалауды өткізу тәртібі бойынша ақпарат берді.

Қаулы қабылданды:

1. 2024–2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бір ауыздан қабылданын.
2. Әр пән мұғаліміне дарынды оқушыларды анықтау тапсырылсын.
3. Тоқсандық жиынтық бағалау бекітілген кестеге сай өткізілсін.

Бірлестік жетекшісі:  Ахметбекова А.С

Хаттама №2

Күні: 20.12 2024 ж.

Өткізілген орны: Амангелді ауылының ЖОББМ

Қатысқандар: 10

Күн тәртібі:

1. Сабақтарға қатысу, әдіс алмасу.
2. Бірінші тоқсанда бағалаудың қорытындысына сараптама жасау, талқылау.
3. География, химия, биология пәндері бойынша сарамандық, зертханалық жұмыстардың жүргізілуін тексеру.
4. Мектепшілік олимпиадаға оқушылар іріктеу.

Талқылау барысы:

1. Мұғалімдер сабақтарға қатысып, өзара тәжірибе алмасу бойынша ұсыныстар айтты.
2. Бірінші тоқсандағы жиынтық бағалау қорытындылары қаралып, сараптама жасалды. Оқушылардың жетістіктері мен кемшіліктері талқыланды.
3. География, химия, биология пәндері бойынша сарамандық және зертханалық жұмыстардың сапасы тексерілді. Әдістемелік ұсыныстар берілді.
4. Мектепшілік олимпиадаға қатысатын оқушылар іріктелді.

Қаулы:

1. Сабақтарға қатысу мен әдіс алмасуды жалғастыру.
2. Бағалау қорытындылары бойынша әр пән мұғаліміне түзету жұмыстарын жүргізу.
3. Сарамандық және зертханалық жұмыстардың сапасын арттыру үшін әдістемелік қолдау көрсету.
4. Олимпиадаға іріктелген оқушыларды жүйелі түрде дайындау.

Бірлестік жетекшісі:  Ахметбекова А.С

ХАТТАМА №3

Отырыстың уақыты: «13.08» 2025

Өткізілген орны: Амангелді ауылының ЖОББМ

Қатысқандар: 10

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Токсандық жиынтық бағалау нәтижесін талдау.
2. Жаратылыстану пәндері бойынша олимпиадаларға қатысу.
3. ҰБТ-ға дайындықтарын, ББЖМ-ға дайындықты қарастыру.

ТЫНДАЛДЫ:

1. Токсандық жиынтық бағалау бойынша пән мұғалімдері сөз сөйледі. Оқушылардың жетістіктері мен олқылықтары талданды.
2. Жаратылыстану пәндері бойынша олимпиадаға қатысатын оқушылардың дайындығы жайлы баяндалды.
3. ҰБТ және ББЖМ-ға дайындық жұмыстарының барысы қаралды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Әр пән мұғаліміне токсандық жиынтық бағалау нәтижелері бойынша талдау жасап, кемшіліктерді жою шараларын қабылдау.
2. Жаратылыстану пәндерінен олимпиадаға қатысушыларды жүйелі түрде дайындауды жалғастыру.
3. ҰБТ және ББЖМ-ға дайындықты күшейтіп, оқушылармен қосымша сабақтар ұйымдастыру.

Бірлестік жетекшісі:  Ахметбекова А.С

Хаттама №4

Күні: 25.04 2025 ж.

Өткізілген орны: Амангелді ауылының ЖОББМ

Қатысқандар: 10

Күн тәртібі:

1. ҰБТ және ББЖМ-ға оқушылардың дайындығын қадағалау.
2. Пән апталығын өткізу.
3. Жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету.

Тыңдалды:

1. ҰБТ және ББЖМ-ға дайындық жұмыстарының барысы туралы.
2. Пән апталығын өткізу жоспары.
3. Жас мамандарға әдістемелік қолдау көрсету жайында.

Қаулы етті:

1. ҰБТ және ББЖМ-ға дайындық жұмыстарын жалғастыру, оқушылардың білім деңгейін бақылау.
2. Пән апталығын жоғары деңгейде ұйымдастыру.
3. Жас мамандарға жүйелі түрде әдістемелік көмек көрсетуді жалғастыру.

Бірлестік жетекшісі:  Ахметбекова А.С

Хаттама №1

Өткізілген күні: 2024 жылдың 5 қыркүйегі

Өткізілген орны: мектеп, қазақ тілі мен әдебиеті пәні бірлестігінің әдістемелік отырысы

Қатысқандар: Гуманитарлық пәндер мұғалімдері

Қатыспағандар:

Күн тәртібі:

ӘБ-тің өткен оқу жылындағы жұмысының талдауы.

1. 2024-2025 оқу жылына арналған ӘБ-тің басым бағыттары мен міндеттері, жылдық жоспармен таныстыру.
2. 2024-2025 оқу жылына арналған әдістемелік-нұсқау хатпен және жаңартылған оқу бағдарламаларымен танысу.
3. Бірлестік жоспарын және күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды бекіту.
4. Тілдер мерекесіне арналған жоспарды бекіту:
«Қазақ тілі – байлығым» атты онкүндікті өткізу жоспарын бекіту.


Тыңдалды:

1. Бірлестік жетекшісі өткен оқу жылындағы жұмысқа талдау жасап, жетістіктер мен кемшіліктерге тоқталды.
2. Жаңа оқу жылына арналған басым бағыттар мен міндеттермен таныстырды. Негізгі назар оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға, тілдік орта құруға және оқыту сапасын көтеруге аударылатыны айтылды.
3. Әдістемелік-нұсқау хат пен жаңа оқу бағдарламасы оқылып, пән мұғалімдеріне түсіндірілді.
4. Бірлестік мүшелері бірлестіктің жылдық жоспары мен күнтізбелік-тақырыптық жоспарларын қарап, бекітуге дауыс берді.
5. «Қазақ тілі – байлығым» атты онкүндік аясында өткізілетін іс-шаралар жоспары таныстырылды. Мектепшілік деңгейде ашық сабақтар, шығарма, эссе, мәнерлеп оқу сайыстары, көркем сөз кештері, қабырға газеттері және әдеби-танымдық кештер ұйымдастыру жоспарланды.

Қаулы етілді:

1. 2023-2024 оқу жылындағы ӘБ жұмысына қанағаттанарлық баға берілсін.
2. 2024-2025 оқу жылына арналған әдістемелік бірлестік жоспары және күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар бекітілсін.
3. Әдістемелік-нұсқау хат пен жаңа оқу бағдарламалары басшылыққа алынып, оқу үдерісінде қолданылсын.
4. «Қазақ тілі – байлығым» атты онкүндік жоспары бекітіліп, жоспарланған іс-шаралар белгіленген мерзімде өткізілсін.

Бірлестік жетекшісі: Кенжекеева А.Н



Хаттама № 2

Өткізу күні: 2024 ж. желтоқсан

Өткізу орны: Амангелді ауылының ЖОББ мектебі

Қатысқандар: Гуманитарлық пәндер мұғалімдері

Күн тәртібі:

1. I тоқсанның қорытындысы бойынша БЖБ, ТЖБ нәтижелерін талдау, модерация жүргізу.
2. Үлгерімі төмен және қабілетті оқушылармен жұмыс жоспарын құру және бекіту.
3. ББЖМ және ҰБТ-ға дайындық жұмыстарының жоспарын қарастыру және бекіту.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша

Пәні мұғалімдері I тоқсан қорытындысы бойынша БЖБ, ТЖБ қорытындыларын таныстырып, оқушылардың оқу жетістіктерін саралады. Жасалған модерация жұмыстары туралы ақпарат берілді. Оқушылардың жұмыстары критерийге сай тексеріліп, бірізділік сақталғаны атап өтілді.

2-мәселе бойынша

Үлгерімі төмен және қабілетті оқушылармен жұмыс жоспары ұсынылды. Қабілетті оқушылармен тереңдетілген деңгейде, ал үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыстар жүргізу жоспарланды. Жауапты мұғалімдер бекітілді.


3-мәселе бойынша

ББЖМ және ҰБТ-ға дайындық бойынша жоспар қарастырылып, бекіту ұсынылды. Дайындық сабақтарының кестесі, жауапты пән мұғалімдері анықталды. Тест тапсырмалары мен диагностикалық жұмыстар өткізу мерзімі белгіленді.

Қаулы етілді:

1. I тоқсан қорытындысы бойынша БЖБ, ТЖБ модерация жұмысы қабылдансын.
2. Үлгерімі төмен және қабілетті оқушылармен жұмыс жоспары бекітілсін.
3. ББЖМ және ҰБТ-ға дайындық жоспары бекітілсін, жоспарға сәйкес жүйелі жұмыс жүргізілсін.
4. Жауапты мұғалімдерге жұмыстарды мерзімінде және сапалы орындау тапсырылсын.

Бірлестік жетекшісі: Кенжекеева А.Н



Хаттама: №3

Күні: қаңтар 2025 ж. наурыз

Өткізу орны: Амангелді ауылының ЖОББ мектебі

Қатысқандар: Гуманитарлық пәндер мұғалімдері

Күн тәртібі:

1. I жартыжылдықтың қорытындысын талдау.
2. Пән бойынша қосымша сабақтардың өтілу барысы туралы мәлімет беру.
3. I жартыжылдық бойынша бақылау жұмыстары, БЖБ, ТЖБ нәтижелерін талдау және модерация жүргізу.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша:

Пән мұғалімдері I жартыжылдықтағы оқушылардың оқу жетістіктері, бағалау нәтижелері, сыныптардың үлгерімі мен білім сапасы бойынша талдау жасады. Жоғары және төмен нәтиже көрсеткен сыныптар, оқушылар аталды. Жалпы оқушылардың оқу белсенділігі мен білім сапасы орташа деңгейде екені атап өтілді.

2-мәселе бойынша:

Қосымша сабақтардың кестесі мен өткізілуі туралы есеп берілді. Қабілетті және үлгерімі төмен оқушылармен жүргізілген жұмыстардың нәтижесі айтылды. Қатысу деңгейі мен сабақтардың тиімділігіне талдау жасалды. Бірқатар оқушылардың қосымша сабақтарға тұрақты қатыспайтыны ескертілді.


3-мәселе бойынша:

I жартыжылдықтағы БЖБ, ТЖБ және бақылау жұмыстарының нәтижелері қарастырылды. Бағалау критерийлерінің сақталуы, сараптама жұмыстары, модерацияның жүргізілу барысы баяндалды. Әділдік пен бірізділік қағидаларының сақталуы тексерілді. Оқушылардың жиі қате жіберетін тақырыптары анықталды.

Қаулы етті:

1. I жартыжылдық қорытындысы назарға алынып, білім сапасын арттыру бойынша қосымша жұмыстар жүргізілсін.
2. Қосымша сабақтардың өткізілуі жүйелі жүргізіліп, оқушылардың қатысуы қатаң бақылансын.
3. БЖБ, ТЖБ және бақылау жұмыстары нәтижелері негізінде талдау жасалып, үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыс жоспары құрылсын.
4. Модерация жұмыстары жалғасып, бағалаудың әділдігі мен бірізділігі қадағалансын.

Бірлестік жетекшісі: Кенжекеева А.Н



Хаттама №4

Күні: мамыр 2025ж.

Өткізу орны: Амангелді ауылының ЖОББ мектебі

Қатысқандар: Гуманитарлық пәндер мұғалімдері

Күн тәртібі:

1. 9–11 сынып оқушыларының ББЖМ және ҰБТ-ға дайындық бойынша тестілеу нәтижелерін қорытындылау. Оқу бағдарламасының орындалуын тексеру, есеп беру.
2. Емтихан өткізілетін пәндер бойынша 9–11 сынып оқушыларының емтиханға дайындық жұмыстарын бақылау.
3. II жартыжылдық бақылау жұмыстарының нәтижелерін талдау, IV тоқсан және жылдық қорытынды нәтижелерін диагностикалау. Өткен оқу жылымен салыстыру.
4. Әдістемелік бірлестіктің 2024–2025 оқу жылында атқарған жұмыстарының қорытынды талдауы.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша:

ББЖМ және ҰБТ-ға дайындық аясында жүргізілген байқау тестілеулердің нәтижелері қарастырылды. Жалпы білім сапасы мен орташа балл деңгейі бойынша сараптама ұсынылды. Оқу бағдарламасының толық орындалуы туралы пән мұғалімдері есеп берді. Жоғары және төмен нәтиже көрсеткен сыныптар мен пәндер атап өтілді.

2-мәселе бойынша:

Емтихан тапсыратын пәндер бойынша оқушылардың дайындық барысы тексерілді. Мұғалімдер дайындық сабақтарының кестесін, қатысу деңгейін және оқушылардың жеке жетістіктерін баяндады. Кейбір оқушылардың жауапкершілігін арттыру қажеттілігі атап өтілді.

3-мәселе бойынша:

II жартыжылдық бақылау жұмыстары, IV тоқсан және жылдық қорытынды нәтижелері талданды. Диагностикалық сараптама жасалып, өткен оқу жылымен салыстырмалы көрсеткіштер ұсынылды. Кейбір сыныптарда төмендеу немесе тұрақты көрсеткіштер байқалды.

4-мәселе бойынша:

2024–2025 оқу жылында әдістемелік бірлестік тарапынан жүргізілген жұмыстарға шолу жасалды:

- ӘБ жоспарының орындалуы,
 - Жас мамандармен жұмыс,
 - Ашық сабақтар,
 - Іс-тәжірибе алмасу,
 - Оқушылардың олимпиадалар мен байқауларға қатысуы,
 - Бағалау жүйесі бойынша жүргізілген жұмыстар.
- Жалпы, жыл бойындағы жұмыс жүйелі жүргізілгені және оң нәтиже бергені атап өтілді.

Қаулы етті:

1. 9–11 сынып оқушыларының ББЖМ және ҰБТ дайындық нәтижелері назарға алынсын. Төмен нәтиже көрсеткен оқушылармен жеке жұмыс жалғассын.
2. Оқу бағдарламасының толық орындалуы бекітілсін.
3. Емтиханға дайындық жұмыстары күшейтілсін, мұғалімдерге жүйелі бақылау жүргізу тапсырылсын.
4. II жартыжылдық, IV тоқсан және жылдық қорытынды нәтижелері бойынша диагностика нәтижелері негізінде келесі оқу жылына жұмыс жоспарлансын.
5. ӘБ 2024–2025 оқу жылындағы жұмыс қорытындысы оң бағаланып, 2025–2026 оқу жылына ұсыныстар дайындалсын.

Бірлестік жетекшісі: Кенжекеева А.Н

Кен